Әділет

# 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

## *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы N 465 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 29 сәуірде N 5-6-134 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012 жылғы 20 наурыздағы N 05/754 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012.03.20 N 05/754 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19, 20, 21, 23 баптары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да Әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін аудандық шақыру

комиссияның құрамы бекітілсін (1 қосымша).

3. Аягөз ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімінің бастығына ( М. Жақашев, келісім бойынша) ұсынылсын:

1) шақыру пунктін жұмыс жүргізуге дайындау;

2) дәрігер-мамандармен және шақыру пунктінің әкімшілігімен әдістемелік-нұсқаулық сабақтар жүргізу;

3) шақыруды өткізу үшін қажетті құжаттарды әзірлеу.

4. «Аягөз аудандық медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бастығына (Ж. Жұмаханов, келісім бойынша) ұсынылсын:

1) шақырушылардың талдауларының зертханалық, кеуде органдарының флюорографиялық зерттелуін ұйымдастыру;

2) шақырушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін емдеу мекемесін қажетті орындар санымен қамтамасыз ету;

3) шақырушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөліміне дәрігерлер мен орта медицина персоналдарының қажет санын бөлу;

4) шақырушылардың уақтылы және сапалы медициналық тексерілуі мен емделуін бақылауға алу;

5) ауданның медициналық бірлестігінің дәрігер мамандарынан мерзімді әскери қызметке шақыру үшін комиссиясының штаттан тыс құрамын бекіту (2 қосымша).

5. Қала, кент және барлық ауылдық округтері әкімдері 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскерге шақыруға тиісті азаматтарды аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөліміне шақырылғандығы туралы хабардар және келуін қамтамасыз етсін.

6. Аягөз ауданының ішкі істер бөлімінің бастығына (Ш. Құнанбаев келісім бойынша) ұсынылсын:

1) шақырушыларды әскерге аттандыру және аудандық шақыру комиссиясының жұмысы кезеңінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

2) қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімінің хабарламасы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылудан бас тартатын азаматтарды іздестіру мен оларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуге жәрдемдесу.

7. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығына (Б. Мұстафаев) техникалық жұмысшылармен қамтамасыз етсін.

8. Аудандық экономика және қаржы бөлімінің бастығына (К. Уәлиев) ауданның 2011 жылға арналған бюджетімен белгіленген қаражаттар шегінде шақыруды қаржыландырылсын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Аягөз ауданының әкімінің орынбасары С. Ысқақовқа жүктелсін.

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аягөз ауданының әкімі Ә. Мұхтарханов*

*Келісілді:*

*Аягөз ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімінің бастығы М. Жақашев*
*30.03.2011 ж.*

*Аягөз аудандық, қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы Ш. Құнанбаев*
*30.03.2011 ж.*

*«Аудандық медициналық бірлестігі» КМҚК бастығы Ж. Жұмаханов*
*30.03.2011 ж.*

Аягөз ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 465 қаулысына 1 қосымша

## 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу жөнінде аудандық комиссияның құрамы

| | |
|---|---|
| 1. Мұрат Асқарұлы Жақашев | қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша) |
| 2. Сейлбек Әбиұрұлы Ысқақов | Аягөз ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары |
| Комиссия мүшелері: | |
| 3. Мұхтар Омарханұлы Жакупов | аудандық ішкі істер бөлімінің бастығының орынбасары (келісім бойынша) |
| 4. Ерік Мақсұтұлы Исабеков | аудандық медициналық бірлестігінің дәрігері (келісім бойынша) |
| 5. Сәуле Төлеужанқызы Жақсыбаева | аудандық медициналық бірлестігінің медбикесі (келісім бойынша) |

Аягөз ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы

№ 465 қаулысына
2 қосымша

## Аудандық медициналық бірлестігінің дәрігер мамандарының әскерге шақыру комиссиясының штаттан тыс құрамы

1. Тайбуров Ринат Кабдулвахипұлы – аудандық медициналық бірлестігінің хирургі.

2. Жұмабаева Гүлнәр Мұсақызы – аудандық медициналық бірлестігінің терапевті.

3. Галанина Нина Николаевна – аудандық медициналық бірлестігінің фтизиаторы.

4. Байжұманова Раушан Зайтбекқызы – аудандық медициналық бірлестігінің психиаторы, наркологы.

5. Тілесбаев Бақытжан Өнербайұлы – аудандық медициналық бірлестігінің невропатологы.

6. Бабақбаев Серік Сағатбайұлы – аудандық медициналық бірлестігінің отоларингологы.

7. Нұржанова Анар Жұматайқызы – аудандық медициналық бірлестігінің окулисті.

8. Қилыбаева Еркеш Садуалиқызы – аудандық медициналық бірлестігінің дерматовенерологы.

9. Құсаинов Шалқар Егінбайұлы – аудандық медициналық бірлестігінің тіс дәрігері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК